Техническая спецификация
по приобретению предметов музейного значения

№	Наименование предмета	Размер	Кол-во	Описание предмета	Стоимость
1	Жанатай Шарденов (1927-1992) «Зимние горы», 1975 г. Картон, масло.	50х79 см	1	Пейзаж горной панорамы, написанный в условной, обобщенной манере широкими мазками с преобладанием сиренево-серой палитры. На лицевой стороне подписей нет. На обороте надписи масляной краской и карандашом (дублируют друг друга: Ж.Шарденов. Зимние горы к/м 1975. Далее номер карандашом №11. Также на обороте условный крупный контур профиля.	6 460 400 тг.

Главный хранитель **Р. Турсумбекова**

Музейлік мәні бар заттарды сатып алу туралы
техникалық ерекшелік

№	Заттың атауы	Көлемі	Саны	Заттың сипаттамасы	Бағасы
1	Жаңатай Шәрденов (1927-1992) «Зимние горы», 1975 ж. Картон, майлы бояу	50х79 см	1	Тау панорамасының пейзажы берілген. Ақшыл көк-сұр түсті палитра басымырақ келіп, бояулары сілтей жағылған. Бет жағында қолтаңба жоқ. Сырт жағында майлы бояумен және қарындашпен жазылған (бір-бірін қайталайды: Ж.Шарденов Зимние горы к/м 1975. Бұдан әрі «№ 11» нөмірі қарындашпен жазылған. Сондай-ақ артқы жағында пішіннің шартты ірі контуры бар.	6 460 400 тг.

Бас қор сақтаушы **Р. Тұрсымбекова**

Негіздеме

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 32 бабының 12 тармағына сәйкес, көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер материалдық мәдени құндылықтар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 13 мамырдағы «Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыру және күтіп ұстау қағидаларын бекіту туралы» № 129 бұйрығының 2 тармағының 2.1 және 5.1 тармақшасына сәйкес, Қор сатып алу комиссиясының оң шешімінің негізінде ұсынылған мәдени құндылық - Қазақстан Республикасының халық суретшісі Жаңатай Шәрденовтың «Зимние горы» (1975) майлы бояудағы авторлық туындысы.

Ұсынылып отырған «Зимние горы» туындысында тау панорамасының пейзажы берілген. Ақшыл көк-сұр түсті палитра басымырақ келіп, бояулары сілтей жағылған. Бет жағында қолтаңба жоқ. Сырт жағында майлы бояумен және қарындашпен жазылған (бір-бірін қайталайды: Ж.Шарденов Зимние горы к/м 1975. Бұдан әрі «№ 11» нөмірі қарындашпен жазылған.

Ж.Шәрденов (1927-1992) кескіндемеші, Қазақ КСР-інің халық суретшісі. 1949 ж. Алматы театр-көркемсурет училищесін бітіріп, 1953-1955 ж. Ленинградтың (қазіргі Санкт-Петербург) кескіндеме, мүсін және архитектура институтында оқыған.

Ұлттық пейзаж өнерінің жетекші шебері ретінде танылғаны, өзінің жарасымдылығы және композиция шешімі жөнінен айрықша картиналарында туған ел табиғатының поэзияға толы әрі лирикалық жағынан пайымдалған образдарын “Ағаш түбіндегі шағын үй”, 1971; “Жас қайыңдар”, 1975; “Қапшағай теңізі”, 1976; “Алмаарасан сайы”, 1978; “Тауда”, 1981; “Медеуге апаратын жол”, 1983; “Кешкі әуен”, 1988) жасады.

Ж.Шәрденов республика, көркемсурет көрмелеріне қатысып, бірнеше рет дербес көрме ұйымдастырды. Оның шығармалары шет елдерде талай рет көрмеге қойылды.

Ж.Шәрденов қазақ кескіндемесінде пейзаж шебері ретінде енген суретшілердің бірі. Кескіндеме салуда өзіндік қолтаңбасы бар. Өзінің туындыларында ол табиғаттың ауыспалы құбылысын, нәзік үндестік тауып тұрғанын көрсете білді. Пейзаждары әсерлі, ырғақты әрі көркем жасалған.

Аталған туындысында бояуларды араластырып, түрлі түсті бояуды қабаттастыра жаға отырып, кескіндемелік жұмыс жазған.

ҚР халық суретшісі, кескіндемеші Жаңатай Шәрденовтің туындысы авторлық түпнұсқа туынды болып табылып, пейзаждық өнерді көрсетіп тұрған жұмыс.

Ұсынылып отырған туындының музейлік мәні бар және музейлік құндылығы жоғары.

Бас қор сақтаушы **Р.Тұрсымбекова**